



**Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы
Әдістеме-библиография бөлімі**

Қостанай таланттары

Анықтамалық басылым

Арқалық, 2016 жыл.



Торғай өңірінен ежелден таланттарға, ақындарға бай өлке. Мыңдаған жылдық тарихы бар көне өлкенің рухани тарихы да тамырын тереңнен алады. Содан болар бұл өлкеден ел бастаған көсем де, сөз бастаған шешен де, әнші де, күйші де көптеп шығып, ұлттық өнерімізді көкке өрлеткен. Міне, осы өнерге, әдебиетке, поэзияға деген құштарлық бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді.

Қолдарыңыздағы анықтамалықтың құрастырылу мақсаты өңіріңіздің мақтанышына айналған ақын-жазушыларымыздың кітапхана қорында бар шығармалары туралы мәліметтерді жинақтау болды. Жергілікті ақын-жазушылар туралы түрлі энциклопедиялар мен анықтамаларды, басқада құжаттарды іздемей-ақ осы жинақта топтастырылған мәліметтерден қысқаша болса да оқып білуге болады.

Жинақ ақын-жазушыларымыздың шығармаларымен оқырмандарды кеңінен таныстырып, оны насихаттауға арналған.

Абдуллин Әмірхан



Абдуллин Әмірхан 1937 жылдың қазан айының 10 жұлдызында Жанкелді ауданында дүниеге келген. Журналист-жазушы. Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. Еңбек жолын Жангелдин ауданында «жаңа өмір – Новая жизнь» газетінде тілші болып бастап, жиырма жыл бойы оның бас редакторы болды. Әмірхан Абдуллиннің


Бүкіл шығармашылық қызметі Торғай өңірінің тарихын зерттеп, бүгінгі ауыл мәдениеті мен экономикасының өзекті мәселелерін көтеруге арналған. Қаламгер өткен ғасырдың 80-жылдарында баспадан шыққан, балаларға арналған «Сарбаздар», «Қызыл керуен», «Шаншар» кітаптарында аталар ерлігін үлгі етіп ұсынып, жас ұрпақты елдің өткен тарихымен таныстырады. Қазақ халқының ойшыл да күрескер азаматтары, ұлт көсемдері А. Байтұрсынов пен М. Дулатовтың өмірі мен шығармашылық жолын зерделей зерттеген «Қос арыс» кітабын жазды. Оның өмір бойғы ізденістерінің нәтижесі саналатын «тарихи Торғай» әңгімелері жинағы өлке тарихынан мол деректер береді. Журналист осы кітапты жазу барысында жинаған қыруар материалдары мен деректі құжаттарын шақшақ Жәнібек тарханның, А. Байтұрсынов пен М. Дулатов атындағы әдеби, Ә. Жангелдиннің тарихи даңқ, Ы. Алтынсариннің педагогикалық мемориалдық музейлері мен Н. Ахметбековтың мұражайына тапсырды.



Алтынсарин Ыбырай (1884-1889)

Қазақ халқының мәдениеті мен ағарту ісі тарихынан көрнекті орын алатын қайраткер, халқымыздың мақтанышы, демократ-ағартушы, тұңғыш педагог, ақын-жазушы Ыбырай Алтынсарин Торғай облысының Николаевск уезі, Арақарағай болысында (қазіргі Қостанай облысының Затобол ауданында) 1841 жылдың 20 қазанында туған.

Ыбырай жасынан атасы Балғожа бидің қамқорлығында тәрбиеленді. 1850 жылы Орынбор шекаралық комиссиясы жанындағы қазақ балалары үшін ашылған мектепке оқуға түскен Ыбырай оны 1857 жылы ойдағыдай бітіріп шығады. Сөйтіп ол математика, физика, биология, география, тарих, әсіресе орыс тілінен өз заманына сай терең де жан-жақты білім алады.



Орынборда жас Ыбырайдың көрнекті ғалым, шығыс зерттеушісі, шекаралық комиссияның председателі В.В. Григорьевпен тығыз қарым-қатынаста болуы оны мол білім қазынасына құлшындырады. В.В. Григорьевтің бай кітапханасы арқылы Ыбырай орыс халқының атақты ойшылдары Белинскийдің, Добролюбовтың, Чернышевскийдің еңбектерімен танысады. Ғалым-ағартушыға прогресшіл орыс ғалымдарының әсері мол тиді.

Ыбырай тарих, әдебиет, лингвистика, әсіресе педагогика жөнінде ғылыми-зерттеулер жүргізуге маманданды. Ол орыс және дүние жүзі әдебиеті мен мәдениетінің алдыңғы қатарлы идеяларын иерең ұғынып, оларды өзінің тәжірибесіне, ғылыми зерттеудегі ізденістеріне қолдану дәрежесіне көтерілді. Ы. Алтынсарин қазақ халқын оқуға, білім алуға шақырып, сол арқылы қазақ халқының қоғамдық өміріне әсер етуді, қоғамдық прогреске бағыттауды көздеді. Осы мақсатпен қазақ балаларына арнап мектеп ашуды армандады. Ы. Алтынсариннің арман етіп, ұзақ күткен мектебі 1864 жылы 8 қаңтарда Торғай облысындағы Орынбор бекінісінде ашылды. Мектептің ашылуын мәдениет пен білімге зәру болған халық той-думанмен қуана қарсы алады.

Алтынсарин қазақ халқының прогрестік дамуы жолында, ұлы орыс халқының озық мәдениетін қазақ даласына тарату, екі халықтың тарихи достығын нығайту жолында жалынды күрескер болды. Ол қазақ даласында жалпы және кәсіптік білімнің дамуына жол ашты, педагогикалық білімнің іргесін қалады. Оның ағартушылық, педагогикалық ілімі Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін жаңа сатыға көтерілді. Ағартушының әдеби, педагогикалық еңбектері Совет өкіметі жылдарында қазақ, орыс тілдерінде бірнеше рет басылып шықты.

Ыбырай Алтынсарин 1889 жылы 17 шілде күні Қостанай қаласынан үш шақырымдай жерде, Тобыл өзенінің иіні, «инспектор көлі» жағасында салдырған өз үйінде қайтыс болды.

Шығармалары: Мәктубат, Қазан, 1896, 1899; Қазақ хрестоматия, Орынбор, 1906; Өлеңдер жинағы, А., 1935; Таң. шығ., А., 1943, 1953; Киргизская хрестоматия, Оренбург, 1906; Избр. Произв., А., 1957.



Ахметбеков Нұрқан (1902-1961)

Қазіргі Қостанай облысы, Жанкелдин ауданындағы Тосын ауылында туған.

Әке-шешеден ерме айрылып, жетімдік қасіретін шеккен болашақ ақын жалшылықта жүрсе де, тиіп қашып ауылдық молдадан хат таниды. Халықтың ауыз әдебиетімен танысу Нұрқан талантының көзін ашып, көңілін оятады. Ол он жасынан өз бетімен өлең, жыр айтуға машықтана бастайды.

Халық ақындарының Алматыда 1943-1946 жж. өткізілген айтыстарында ол Қазақстан жұртшылығына сауырыпсалмалығымен танылды.

Ол бірнеше поэмалардың авторы.

«Есім сері», «Жасауыл қырғыны», «Амангелді», т.б. көлемді дастандар тудырған.

Шығармалары: Жасауыл қырғыны. Поэма. А., ҚМКӘБ, 1951; Тосын толғау. Поэмалар. А., ҚМКӘБ, 1958; Аманкелді. Поэма. А., ҚМКӘБ, 1962.



Әбдіков Төлен

1942 жылы 4 қыркүйекте Қостанай облысының Жангелдин ауданындағы еңбек ауылында туған. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетін бітірген (1965). 1965-1970 жылдары «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі. 1970-1977 жылдары «Жалын» альманахында бөлім меңгерушісі, Бас редактордың орынбасары, 1977-1979 жылы «Қазақфильм» киностудиясында ас редактор, 1979-1990 жылдары Қазақстан КП ОК-нде

жауапты қызметте болған. Біраз жыл «Қазақ әдебиеті» газетінің Бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының екінші хатшысы болып істеді. 1993 жылдан ҚР Президенті әкімшілігінде жауапты қызметте. Шығармалары 1964 жылдан жариялана бастады. «Көкжиек» (1969), «Күзгі жапырақ» (1971), «Ақиқат» (1974), «Айтылмаған ақиқат» (1979) әңгіме, повестер жинақтарын, «Өліара» (1985), «Ақшоқыда қыс қатты» (1987), «Парасат майданы» (2002) романдарын жариялады.

Әңгіме, повестері орыс тілінде «Истина» (1980,1981) деген атпен шықты. Грек аңыздары – «Эллада ерлерін» (1977) қазақ тіліне аударған.

Халықаралық Кафка және Қазақстандағы ПЕН клуб сыйлықтарының лауреаты (2003).





Әбілтай Әбжан Ғаббасұлы

Ақын, журналист 1951 жылдың сәуір айының 1 жұлдызында Амангелді ауданы, Ақкісі ауылында дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген (1985). 1968 жылы Б. майлин атындағы орта мектепті бітірісімен еңбек жолын Амангелді ауданы «Таң шұғыласы» газетінде әдеби қызметкер болып бастаған. 1971-99 жылдар аралығында Торғай обл. «Торғай таңы», Арқалық қ. «Торғай» газетінде тілші, бөлім меңгерушісі, Арқалық қ. әкімдігінде тіл бөлімінің бастығы қызметтерін атқарды. 2000-04 ж. ҚР Білім және ғылым министрлігінде аудармашы-редактор, бөлім меңгерушісі болып істеді. 2004 жылдан ҚР Энергетика және материалдық ресурстар министрлігінде мемл. тілді дамыту басқармасының бастығы қызметін атқарды. Мектеп қабырғасында жүріп өлең жазумен әуестенген Әбжан Әбілтайдың алғашқы туындылары ауд., обл., респ. газеттерде жарияланған. Өлеңдері «Қарлығаш» (1983), «Көктем бояулары» (1988) жинақтарына енді. 2003 ж. «Жазушы» баспасынан «Жүрекжарды» деген атпен жеке жинағы жарық көрді. Ақын шығармашылығының жемісті бір саласы – көркем аударма. Нобель сыйлығының лауреаты И.Бродскийдің екі мың жолдай өлең, поэмаларын (2007), Н.В.Гогольдің «Тарас Бульба», «Шинль», «Күйме» хикаяттарын (2010), Р.Ғамзатовтың, Е. Евтушенконың, А.Вознесенскийдің, тәжік ақыны К.Насролланың өлең, поэмаларын қазақ тіліне аударған. 2010 ж. «Дүние жалған» өлеңдер жинағы, «Жер басып жүрсем» атты публицист. Мақалалар кітабы жарық көрді.



Байтұрсынов Ахмет (1873-1938)

1 қаңтарда Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Сарытүбек ауылында дүниеге келген. Ақын, әдебиет зерттеушісі ғалым, қазақ тіл білімінің атасы, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері.



1882-1884 жылдары ауыл мектебінде оқыды. 1890 жылы Торғайдағы екі кластық орыс-қазақ училищесін, 1895 жылы Орынбордағы мұғалімдер мектебін бітірген. 1895-1909 жылы Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі мектептер мен орыс-қазақ училищелерінде мұғалімдік атқарады. 1909 жылы патша үкіметінің саясатына қарсы наразылық білдіргені үшін Семей түрмесіне жабылып, 1910 жылы жер аударылды. 1913 жылы Орынборда «Қазақ» газетін ұйымдастырып, 1917 жылдың аяғына дейін оның редакторы болды.


Қазақ елінің тәуелсіз мемлекеттігін армандап, сол жолда күрескен Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметі көсемдерінің бірі болған ол кеңес өкіметі бел алған кезеңде халқына қызмет ету үшін большевиктер жағына шығып, 1919 жылы 24 маусымда Қазақ өлкесін басқаратын Әскери-революциялық комитетінің мүшелігіне тағайындалады. 1922-1925 жылдары Қазақстан Халық ағарту комиссариаты жанындағы ғылыми-әдеби комиссиясының төрағасы, Халық ағарту комиссары, Бүкіл ресейлік ОАК-нің, ҚР ОАК-нің, ҚР ОАК-нің мүшесі, Түркістан Компартиясы ОК-нің органы «Ақ жол» газетінде қызметкер, 1925-1929 жылдары Қазақ Халық ағарту институтында (Ташкент) және ҚазПИ-де оқытушы болды.

Шығармашылық жұмысын өлең жазудан бастаған. Ақынның алғашқы өлеңдері «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрді. Бұл кітабы арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятуға бар жігер-қайратын, білімін жұмсайды. Ақын Крылов мысалдары негізінде жазған әр туындысының соңына өзінің өзекті ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кезеңдегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған.

Екінші кітабы – «Маса» (1911). Бұл кітапқа енген өлеңдерінде ақын қараңғылық, надандық, шаруға енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерді шенейді. Көптеген өлеңдері сол кездегі ағартушылық бағытпен толғамды ойларды өзінше жалғастырушы ретінде көрінді. «Қазақ салты», «қазақ қалпы», «Досыма хат», «Жиған-терген», «тілек-батам», «Жауға түскен жан сөзі», «Бак», т.б. өлеңдерінің мазмұны осыны танытады. Кітаптың ішкі сазы мен ой-өрнек, сөз орамы қазақ поэзиясының өзіндік жаңалық, ерекше өзгеріс әкелді.

Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап, жарыққа шығаруда зор еңбек сіңірді. Әдебиет саласындағы алғашқы зерттеуі – «Қазақ» газетінің 1913 жылғы үш санында шыққан «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласы.

Қазақтың эпостық жыры «Ер Сайынды», алғы сөзбен түсініктемелер жазып, 1923 жылы Мәскеуде шығарды. Қазақ ауыз әдебиетінде молынан сақталған жоқтау жырларын арнайы жүйелеп, сұрыптап, 1926 жылы «23 жоқтау» деген атпен жеке кітап етіп



жариялады. Қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет тарихы жөніндегі тұңғыш көлемді еңбегі – «Әдебиет танытқыш» (1926). Мұнда көркемсөз өнерінің табиғаты, сыры, мазмұны, ерекшеліктері, жанрлары, жана терминдер, ұғымдар жайлы жан-жақты зерттеулер, тұжырымдар сөз болады.

Ұлы ұстаз тілші-ғалым ретінде қазақ тілінің табиғаты, өзгешеліктері, араб әліпбиінің жайы, терминдер, қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы мақалалар жазды. 1926 ж. Бакуде болған түркітанушылардың Бүкілодақтық 1-съезіне қатысып, «Түркі тілдеріндегі терминология жайлы» деген тақырыпта баяндама жасады. Қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашуына көп күш жұмсады. Осы мақсатта «Оқу құралы» (1912), «Тіл құралы» (1914); ересектердің сауатын ашуға арнап «Әліпби» (1924), «Жаңа әліпби» (1926) атты оқулықтар мен ғылыми еңбектер ұсынды. Қазақ фонетикасы мен грамматикасын талдауда тілдің типологиялық ерекшеліктері мен өзіндік даму барысын ескеру принципін ұстады. Сөйтіп, қазақ тіл білімін ХХ ғасырдың бас кезінде қалыптастырып, оның іргетасын қалады. Араб графикасын негізделген қазақ жазуының реформаторы болды.

«Ажалы» шығармаларын, орыстың белгілі лирик ақыны С.Я.Надсонның өлеңін қазақ тіліне аударған.

А.Байтұрсынұлы 1929 жылы сталиндік абақты, лагерь тепкісіне түсіп, 1936 жылы қайтып келгенмен, 1937 жылы тағы да жолсыз жазаға ұшырап, 1938 жылы атылды. Оның ардақты есімі мен асыл мұрасы 1989 жылы ғана ақталып, халқымен қайта қауышты. Сол жылы «Жалын», «Жазушы» баспаларынан кітаптары («Ақ жол», «Шығармалары») шықты. Оның атында көшелер, оқу орындары, ҚР ҰҒА Тіл білімі институты, әдеби-мемориалдық мұражай Ол қалдырған бай мұраның тағы бір саласы – көркем аударма. Ол орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, көркем қазынаның бұл саласын байытуға мол үлес қосты. И.А.Крылов мысалдарының бір тобын қазақ тіліне аударып, төлтума туынды ретінде жинақ етіп бастырды. И.И.Хемницердің «Ат пен есек», А.С.Пушкиннің «Балықшы мен балық», «Алтын әтеш», «Ат», «Данышпан Аликті -үйлер бар, ескерткіштер орнатылған. Ұлт ұстазының туғанына 125 жыл толуы егемен елімізде кеңінен аталып өтті.



Бектемісов Назарбек

(1928-1992)

Ұстаз, ақын, өлкетанушы, қоғам қызметкері, КСРО баспасөз үздігі Назарбек Бектемісов 13.10.1928, Жангелдин ауданы, Көкалат ауылында дүниеге келген. Қарағанды мемлекеттік педагогикалық институтын бітірген. Еңбек жолын 1947 жылы Жангелдин ауданындағы мектептерінде ұстаздықтан бастап, он жыл бойы шәкірттерге дәріс берді. 1957-82 ж. аралығында аудандық газетте бөлім меңгерушісі, Қостанай облысы «Коммунизм жолы» газетінің меншікті тілшісі, Қазақстан компартиясы жангелдин ауданы комитетінің нұсқаушысы, «Ақшығанақ», «Еңбек», «XXI партсъезд», «Шилі» кеңшарлары партия ұйымдарының хатшысы, аудандық газет редакторы қызметтерін атқарған. «Қызғалдақ» жастар ән-би ансамбліні ұйымдастырды. Аудандық, облыстық ақындар айтысына қатысып, жүлде алды. Қоғамдық қызмет атқара жүріп, осы өлкеде бұрын өмір сүрген Сейдахмет, Әбіқай, есенжол, Жұмабай, Сәт ақындардың мұраларын зерделей зерттеп, шығармаларын күнделікті баспасөзде жариялады. Бектемісов Назарбек алғашқы өлеңдер жинағы 1979 жылы баспадан жарық көрді. Келесі 1980 жылы баспадан шыққан «Торғай толқындары» кітабына туған өлке тарихының айтулы оқиғаларын арқау еткен. «Аталар ұшқан алтын ұя» зерттеу еңбегінде де ежелден құнарлы Торғай топырағынан шыққан айтулы азаматтардың өмір жолдары арқылы ел тарихына шолу жасайды. Қоғамдық қызмет бабымен өлке аумағын көп аралаған қаламгер жер, су атауларына үңіле назар аударып, олардың тарихын ыждағатты зерттеген. Оның «Сәтбайдың қара жолы», «Хан», «Жалау», «Тоты құстың аралы», «Атан басы Ақирек», «Су аяғы құрдым» сияқты ономастик. Жазбалары нақты тарихи танымдық деректерімен құнды. Бектемісов Назарбек «Құрмет белгісі» орденімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Ақын дүние салғаннан кейін «Назғұмыр», «Ахмет ұшқан алтын ұя» жыр кітаптары жарық көрді. 2004 жылы «найзағай ақын, Нараға» деген естеліктер жинағы баспадан шыққан. Ақын 1992 жылы Арқалық қаласында дүниеден өткен.



Досанов Сәбит



1940 жылы 12 қаңтарда Қостанай облысы, Аманкелді ауданының Байғабыл ауылында туған. 1985-1989 жылы КСРО әдебиет қоры Қазақ бөлімшесінің директоры, 1991-1995 жылы Республикалық Халық шығармашылығы және мәдени қызмет көрсету орталығының Бас директоры, 1996-1997 жылдары мемлекеттік «Қайнар» баспасының Бас редакторы болып істеді. Қазір Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясында ұстаздық қызмет атқарып жүр. Африкадағы Дунду, Қазақстандағы Қостанай қалаларының, Ақсуат, Аманкелді аудандарының құрметті азаматы. Көптеген роман, повесть, әңгімелердің авторы. «Қайырлы таң», «жанр тағдыры», «Сексен бестің көктемі», «Адаспаңдар адамдар», «Тотем под чадрой», «Тензор степного кургана» атты кітаптары бар. 1998 жылы мемлекеттік «Санат» баспасынан қазақ тілінде, ал 2003 жылы Мәскеудің «Советский писатель» баспасынан орыс тілінде «Жиырмасыншы ғасыр» романы жарық көрді. 2002 жылы «Советский писатель» баспасынан таңдамалы шығармаларының бір томдығы жарыққа шықты. «Дауыл», «Ертең бюро» атты драмалары М.Әуезов атындағы академиялық драма театрында, Атырау, Жезқазған, Семей, Тараз, Бішкек қалалары сахналарында қойылды.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, М.Шолохов атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты, Ресей педагогика және әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі.



Дулатұлы Міржақып (1885-1935)

24 қарашада Қостанай облысы, жанкелдин ауданы, Қызбел ауылында туған. Екі жасында шешеден, он екі жасында әкеден жетім қалған жасөспірімнің кейінгі тәрбие қамқорлығы Асқар дейтін оқыған ағасының мойнында болды. 1907 жылы Торғай қаласындағы екі кластық орыс-қазақ мектебіне түседі де, бес жыл оқып, ауыл мұғалімі деген куәлік алып шығады. Алты-жеті жыл бойы ел ішінде, ауыл мектептерінде бала оқытады. 1904 ж. Омбы қаласына аттанып, өзінің болашақ ұстазы Ахмет Байтұрсыновпен кездеседі. Оған еріп Қарқаралыға барады, ондағы ұлттық демократиялық қозғалысқа белсене араласады. Сол жердегі



зиялы топтың өкілі ретінде қазақ конституциялық демократиялық партиясының Оралдағы съезіне қатысады да, соның делегаттары қатарында 1906 жылы Петербургке барады. 1907 жылы Петербургте жалғыз нөмірі ғана шыққан. «Серке» газетінде «Жастарға» деген өлеңі басылады.

Тұңғыш өлеңдер жинағы 1909 жылы Қазан қаласында «Оян, қазақ!» деген атпен басылып шығады. Қазақ оқырмандары арасында бұл кітаптың әсері өте күшті болады. Бұл кітап жас авторға патша әкімдерінің тарапынан қуғын-сүргін ала келді, ол тергеу органдарының бақылауына алынды, артынша «Оян, қазақ!» кәмпескеленді.

Міржақып Қызылжарда сот кеңесінде тілмәштық қызмет атқарып, мұғалімдік қызметін де жалғастырады, қазақ балаларына орыс тілінен сабақ береді. Сол кезде одан біраз уақыт Мағжан да дәріс алады.

1910 жылы Қазандағы Каримовтар баспасынан «Бақытсыз Жамал» романы жарық көреді. Әр жерде шығатын қазақ басылымдарына, әсіресе Айқап» журналына үзбей жазып тұрады. Ел тұрмысын өз көзімен көріп-білу ниетімен 1911 жылы қазақ ауылдарын аралап, Қызылжардан Семей облысына қарай сапарға шығады. Патша тыңшыларының қатты аңдуына алынған Дулатұлы мұнда полицияның қолына түседі де, бір жарым жыл қамауда отырады. 1912 жылы Орынборға келіп, осындағы аз ғана топ қазақ зиялылары ақыл қосып, ел санасын оята беру мақсатымен, баспасөз қызметін қолға алуды ұйғарды. А. Байтұрсыновпен бірге қыр өлкесінің ағартушылық-демократиялық бағыттағы тұңғыш бейресми басылым – «Қазақ» газетінің негізін қалайды (1913-1918). Алаш басшыларымен бірге жаңа құрылыс жағына шығып, қалған өмірін түгелдей туған халқының мәдениетін көркейту мақсатына арнауды көздеген ол аз уақыт «Ақ жол» газетінің редакциясында, одан кейін Семей облысының сот органдарында қызмет атқарған. 1922 жылы ешбір себепсіз абақтыға жабылады. Бірақ бұл әділетсіздік ұзаққа созылмай, Семейден Орынборға жөнелтілген бойда қамаудан босатылады. 1922-1926 жж. Орынбордағы Қазақтың халыққа білім беру институтында (КИНО) оқытушы болып істейді. Ұстаздық қызметке қайта оралғаннан кейінгі кезеңде екі бөлімнен тұратын «Есеп құралын» әзірлеп, Ташкент қаласында бастырып шығарады. «Балқия атты төрт перделі пьеса жазды. 1924 жылы Орынборда екі жылдық «Қирағат кітабы» (хрестоматиялық оқулық), Қызылордада «Есеп құралының» жаңа басылымы жарық көрді. 1928 жылдың аяғында бір топ қазақ оқығандары қатарында тұтқынға алынды. 1930 жылы ОГПУ коллегиясының үкімі бойынша алғашында ату жазасына кесіліп, кейін бұл үкім бойынша алғашында ату жазасына кесіліп, кейін бұл үкім 10 жыл абақты жазасымен алмастырылды. 1935 жылы қазанның 5-і күні Ақ теңіз – Балтық каналының бойындағы Сосновец станциясында,

лагерьдің ауыр науқастан қайтыс болады. Дулатұлының «қылмысты» ісін жан-жақты тексере келіп, Қазақ КСР-нің прокуроры 1988 жылғы қазанның 27-сі күні тиісінше нарзылық білдірді де, Республика Жоғарғы Сотының коллегиясы сол жылғы қарашаның төртінде оның ардақты есімін бір жола ақтады.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ мәдениеті мен әдебиетінің ірі өкілі Міржақып шығармалары халқымен қайта қауышты. Оның атында көшелер, мектептер, туған жерінде мұражай бар, ескерткіш орнатылған.



Дүзенов Мұхамеджан.

Жазушы, драматург, аудармашы Мұхамеджан Дүзенов 1924 жылдың қазан айының 19 жұлдызында Қостанай облысы, жангелді ауданында дүниеге келген. 1957 жылы Мәскеудегі А.М. Горкий атындағы әдебиет институтын бітірген. Қостанай облысы газетінде, қазақ радиосында, кейін теледидарында әдебиет және мәдениет бөлімдерінің, Абай атындағы академиялық опера және балет театрында әдеби бөлімнің меңгерушісі болып істеді. 1960 жылы Қазақстан жазушылар одағында кеңесші, «Жұлдыз» журналының жауапты хатшысы, Қазақ КСР мәдениет министрлігінде репертуарлық редакция алқасының бас редакторы болды. Шығармалары 1949 жылдан жариялана бастады. «Ақ әже» (1968), «Ұзақтың жолы» (1971) повестері мен «Әке болғым келеді» (1971), «Ант» (1975) романдары бар. Жазушының «Тілектестің тұяғы» повесі орыс тіліне аударылып, Мәскеудегі «Советский писатель» баспасынан жарық көрген. «Жақын да болса алыс», «Жұлдызым менің жоғары», «Астана түбіндегі ән» пьесалары республика театрларының сахнасында қойылды. «Аралдың алтын балығы» деген пьесасы бір актылы пьесалар бәйгесінде екінші орын алды. Ол В. Василевскаяның «пламя на болотах» романын, С. Маршактың «Умные вещи» пьесасын, Л. Кассильдың «Ход белой королевы» кітабын қазақ тіліне аударған. 1985 жылы қаламгер шығармаларының екі томдығы жарық көрді.



Жармағанбетов Қайнекей (1918-1974)

25 тамызда қазіргі Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Шилі ауылында туған. Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің тіл-әдебиет факультетін (1941), аспирантурасын (1949) бітірген. Қазақстан Компартиясы ОК-нде нұсқаушы, Қазақстан ЛКЖО ОК-нде хатшы, (1941-1948), Абай атындағы АлМУ-де аға оқытушы, доцент, директордың орынбасары (1948-1958), «Әдебиет және искусство» (қазіргі «Жұлдыз»), «Ара» - «Шмель» журналының редакторы, қазақстан

Жазушылар одағында жауапты хатшы, әдеби кеңесші (1958-1964). 1964 жылдан шығармашылық жұмыста болды.

Алғашқы жинағы «Заман біздікі» деген атпен (1950) шықты. Өлеңдері мен балладалары «Адам туралы аңыз» (1951), «Мұғалима туралы балладалары «Адам туралы аңыз» (1951), «Мұғалима туралы баллада» (1957), «Балладалар» (1962), «Соңғы күн» (1967), «Сырлы тал» (1971), «Шыңдағы шамшырақ» (1967) атты жинақтарына енді. Әнші Ә. Қашаубаев жайлы «Әнші азамат» повесін (1951), А.М.Горький, С.Мұқанов, Ж.Жабаев, ЧМ.Әуезов, Б.Майлин шығармашылығы туралы монографиялық еңбектер жазды. Прозалық туындылары «Азамат жолы» деген атпен (1983) басылып шықты.

И.Шиллер, А.Мицкевич, М.Лермонтов, А.Барто, т.б. өлеңдерін Б.Ершовтың «Тұлпартай, сұңқартай» ертегісін, И.С. Тургеневтің «Әкелер мен балалар» романын аударды. «Құрмет Белгісі» орденімен үш рет және медальдармен марапатталған.



Баязид Жолбарыс

Баязид Жолбарыс 1934 жылы 6 мамырда Қостанай облысы, Меңдіғара ауданының «Үлгілі» ұжымшарында дүниеге келген. 1956 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін, 1968 жылы Алматыдағы екі жылдық жоғары партия мектебін бітірген. Еңбек жолын «Жас Алаш» (бұрынғы «Лениншіл жас») газетінде бастап, ұзақ жылдар бойы Қостанай облыстық газетінде, радиосында жауапты қызметтер

атқарды. Өлеңдері 1976 жылдан бері облыстық, республикалық газет-журналдарда үзбей жарияланып келеді. «Бақытымның бұлағы», «Жыр ғұмыр» атты өлең кітаптары жарық көрді.



Жүнісұлы Жақсылық

Жуналист-жазушы, қазақстанның мәдениет қайраткері 1943 жылдың қаңтар айының 1 жұлдызында Жангелдин ауданында дүниеге келген. Қазақстанның мәдениет қайраткері атығын 2008 жылы, Арқалық қаласының Құрметті азаматы атағын 2011 жылы алған. 1968 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірген. Еңбек жолын Жангелдин ауданының кеңесі атқару комитетінің нұсқаушысы болып бастаған. Ол 1963 жылдан

Қостанай облысы «Коммунизм таңы», Торғай облысы «Торғай таңы» газеттерінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, редактордың орынбасары қызметтерін атқарды. 2008 жылдан «Қостанай таңы» газетінің Арқалық ауданындағы меншікті тілшісі болып істейді. Қаламгердің «сыр сандық» (2003), «дала дарабоздары» (2007), «жылдар жаңғырығы» (2012) кітаптары баспадан шыққан.



Сейіт Кенжеахметов (1939-2011)

1939 жылы 12 қаңтарда жангелдин ауданы, Сарықопа қонысында дүниеге келген. Сықақшы ақын, жазушы-журналист, аудармашы, этнограф-фольклоршы, ұстаз, доцент, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2002), Қазақ КСР Халық ағарту ісінің үздік қызметкері (1991), ҚР-ның мәдениет қайраткері (2009), Торғай және Арқалық қаласының Құрметті азаматы (1989).

Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылық институтында оқыған. Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. Еңбек жолын Жангелдин ауданы «Жаңа өмір» газетінде бөлім меңгерушісі болып бастап, 1966-77ж. Қостанай, Торғай облысы газеттерінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы болып істеді. 1977-89 ж. Қазақстан Жазушылар одағының Торғай облысындағы кеңесшісі, 1989-2002 ж. Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында доцент, кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарды, қазақ әдебиеті тарихынан дәріс оқыды. 1990-95 ж. Торғай обл. «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы міндетін қоса атқарды. 2003 жылдан Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы Отырар кітапханасы ғыл.-зерт. орталығында аға, жетекші ғыл. Қызметкер, 2009 жылдан Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық

институты доцент, кафедра меңгерушісі болып қызмет атқарады, қазақ әдебиеті тарихынан дәріс оқыды. Астана қаласындағы «Отырар» кітапханасы Ғылыми орталығының қызметкері міндетін атқарады. 1957 жылдан бастап сықақ, мысал өлеңдер мен әзіл әңгімелер жазып келеді. Алғашқы шығармалары «Бесқарынның монологі», «Жастар мен бастар», «Атаның аты», «қарға», «Аю мен түлкі» атты сықақтары мен мысалдары республикалық газет-журналдарда жарияланған.

Қазақтың мысал әңгімелері мен өлеңдерін құрастырып, 1981 жылы «Жалын» баспасынан бастырып шығарды. С. Олейник, С. Михалков, Ә. Несин, И. Крылов, т.б. ақын – жазушылардың шығармаларын аударған. «Тамаша» ойын-сауық отауының белсенді аавторы. Шығармалары орыс, әзірбайжан, өзбек тілдеріне аударылған. Қазақстан Республикасының Құрмет Грамотасымен, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталған. Арқалық, Торғай қалаларының құрметті азаматы. Марқұмның мәйіті 2011 жылы 16 сәуірде өмірден өтіп, Арқалық қаласына әкеліп жерленді.



**Көбеев Спандияр
(1878-1956)**

Спандияр Көбеев 1 қазанда қазіргі Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы, Ақсуат ауылында туған. Ы. Алтынсарин ұйымдастырған Қарағайлықөл ауыл мектебінде (1892-1895), Қостанайдағы орысша-қазақша мектепте (1895-1897), педкурста (1898-1901) оқыған. Бүкіл өмірін ауыл мектебінде ұстаздық етуге арнайды. Оқу, тәрбие салаларындағы ісіне орыс әдебиеті шығармаларының тәлімдік жағын пайдаланды. Крыловтан аударған, т.б. мысалдары «Үлгілі тәржіма» деген атпен Қазанда басылды (1910). Бұдан кейін Ы. Алтынсарин үлгісімен қазақ мектептеріне арнап оқу кітабын құрастырды. «Үлгілі бала» деген атпен жарияланған (1912) бұл кітапты ол К. Ушинскийдің «Родное слово» оқулығының үлгісімен жазды. Оған өзі аударған Крылов мысалдарын, орыс педагог-жазушыларының шағын әңгіме-өлеңдерін, қазақ ауыз әдебиеті нұсқаларын, балалардың өмір тануына қажет әр алуан қызықты әңгімелер қосқан. «Қалың мал» романы (1913) – қазақ әдебиетіндегі прозалық шығармалардың алғашқы үлгілерінің бірі. Жазушы-педагог ұстаздық қызметін жалғастыра отырып, Түбек, Бурабай, Ақсуат мектептерін ұйымдастыруға белсене қатысты. Өз өмірі мен ұстаздық, жазушылық жолы оның «Орындалмаған арман» (1951, 1954) атты мемуарлық кітабында баяндалған. 2 рет Ленин орденімен және медальдарымен марапатталған.

Ғафу Қайырбеков(1928-1994)



15 тамызда Қостанай облысы, Торғай қаласында туған. Абай атындағы Қазақ педагогика институтын бітірген (1952). Қазақ мемлекеттік баспасында поэзия редакциясын басқарды, «Қазақ әдебиеті» газеті бас редакторының орынбасары, «Жазушы» баспасында поэзия редакциясының меңгерушісі болды. 1968-1973. Қазақстан Жазушылар одағында поэзия секциясында жетекшілік етті. 1973-1989 жж. «Жұлдыз» журналы бас редакторының орынбасары қызметін атқарды. Өмірінің соңына дейін Қазақстан Жазушылар одағының ақындар қауымдастығының президенті болды. 1954 жылы оның «Құрдастар» атты тырнақалды жинағы жарық көрді. Содан бері қырықтан астам кітабы шықты.

«Дала қоңырауы» (1956) поэмасы, «Жер астындағы жұлдыздар» (1965), «Қанатты жылдар» (1973) сияқты жинақтарын, «Беласар» атты қос томдығын оқырман қауым ілтипатпен қабылдады. «Жұлдызды тағдырлар» атты өлеңдер жинағы үшін ақынға 1980 жылы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығы берілді. Оның қаламынан «Елтіңжал», «Ақ желкен», «Үш қиян» повестері, талай-талай мақала, очерктер туған.

Рудакидің, Байронның, Пушкиннің, Лермонтовтың, Некрасовтың, Шевченконың, Мақтымқұлынның, Л.Толстойдың, Куприннің, Короленконың, Буниннің, Есениннің, Ғамзатовтың және басқа да сөз зергерлерінің туындыларын аударды. Көптеген әндердің өлеңін жазған.

Әлім Қайсар (1947)



Әлім Қайсар 1947 жылы 9 қаңтарда Қостанай облысы Жанкелдин ауданының саға ауылында (қазіргі «Қызбел» шаруашылығы, Сарықопа өңірі) туған. 1971 жылы Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі институтының Алматы филиалын, 1984 жылы Алматы Жоғары партия мектебінің журналистика бөлімін тамамдады. 1969 жылы Қостанай облыстық «Коммунизм таңы» газетіне жұмысқа шақырылды. 1990-1997 жылдары республикалық «Егемен Қазақстан» («Социалистік қазақстан») газетінің Торғай облысындағы меншікті тілшісі болып істеді. Облыс жабылған соң Ақмола қаласында облыстық «Арқа ажары» газетінде тілші, 1988-2000 жылдары ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім

министрлігіне бас маман болды. Қазір республикалық «Егемен Қазақстан» газетінде қызмет істейді.

Алаш ардақтысы М. Дулатовтың мәйітін 57 жылдан соң Карелиядан әкеліп, туған жері Торғайға қайта жерлеу экспедициялық сапарының (1992) басы-қасында болған Қайсардың қаламынан «Мұңды сапар» атты тағылымы мол хикаят туды. 1998 жылы Қазақстан Журналистер одағы М. Дулатов атындағы сыйлығының иегері атанды. Ел тәуелсіздігінің 10 жылдығы құрметіне Елбасының «Алғыс хатымен» (2001) марапатталды.



Қалиев Айбек

Айтыскер ақын, ұстаз-ғалым 1978 жылы ақпан айының 19 жұлдызында жангелдин ауданы, Қаратүбек ауылында дүниеге келген. 1998 жылы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университетін үздік бітірген соң С.Сейфуллин атындағы Ақмола аграрлық университетінде оқытушы, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, доцент қызметтерін атқарып, студенттерге қазақ әдебиетінен дәріс берді. 2009 жылдан Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында Педагогика және филология факультетінің деканы болып істейді. Айбек Қалиев айтыс өнерімен 1992 жылдан айналысып келеді. 2001 жылы республика ақындарының Астана қаласында өткен «Ер қанаты» атты айтысына қатысып, бірінші орын алды. Осы жылы Алматыда өткен айтыста екінші, Қашаған ақынның мерейтойына арналған халықаралық айтыста бірінші орын, Алматыда өткен «Отанды сүю – иманнан» атты айтыста бас жүлде алды. 2002 жылдан бастап Алматыдағы Наурыз айтысында, Ғ. Мүсіреповтың, М. Жұмабаевтың, К. Шәкеевтің, әнші Мұхиттың мерейтойлары мен Желтоқсан оқиғасының 20 жылдығы, Алаш қозғалысының 90 жылдығы, «Ана тілім – ардағым» айтыстарында 1-орын, Кенесары Қасымұлының 200 жылдық, Кенесары Қасымұлының 200 жылдық, Н. Ахметбековтың 100 жылдық, Ә. Жангелдиннің 80 жылдық, М. Ғабдуллиннің 90 жылдық, Көкбай Жанатайұлы мен Ақылбай Құнанбайұлының 150 жылдық, бабыр бидің мерейтойлары мен астана қаласының 10 жылдығына арналған айтыстарда, «Ауылым – алтын бесігім», «Тіл кеспек жоқ» тақырыптық жекпе-жектерінде Бас жүлдені жеңіп алды. Ақын бұлардан басқа да бірқатар жыр сайыстарында оза шауып, жүлдегер атанды. 2011 жылы Қостанай жомарттар клубының «шабыт» сыйлығын иеленді. 2006 жылы академик Р. Нұрғалиевтің жетекшілігімен «Торғай ақындарының

дәстүрлі поэзиясы» деген тақырыпта кандидат диссертация қорғады. 2008 жылы зерттеушінің осы аттас монографиясы жарық көрді. 2010 жылы баспадан шыққан 9,10,11 сыныптарға арналған «қазақ әдебиеті» оқулығы авторларының бірі болды.



**Майлин Бейімбет
(1894-1938)**

15 қарашада Қостанай облысы, таран ауданы, қазіргі Майлин атындағы совхозда туған. Қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі. Алғаш сауыл молдасынан оқып, сауатын ашты. 1911-1915 жж. Троицк қаласындағы Уәзифа медресесінде, Қостанайдағы орысша-қазақша мектепте, Уфадағы «Медресе Ғалияда» оқып білім алды. Орыс тілін үйреніп, Л. Толстой, Н. Гоголь, А. Чехов, М. Горький, т.б. классиктердің шығармаларымен танысты. 1916-1919 жж. Мұғалім болды, жазушылықпен шұғылданды. «Еңбекші қазақ» (кейіннен «Социалистік Қазақстан») газетінде (1922-1923) қызмет атқарды. 1923-1925 жж. Қостанайда «Ауыл» газетін шығарды. 1925-1928 жж. «Еңбекші қазақ» газетінде жұмыс істеді. ҚазАПП-ты ұйымдастыруға қатысты. «Ауыл тілі» газетінде (1928-1932) редактор болды. 1932-1937 жж. «Социалистік Қазақстан» газетінде бас редактор, т.б, қызметтер атқарды.

Алғаш жазған өлеңдерінің бірі – «Мұсылмандық белгісі» (1912) Уфадағы «Медресе-Ғалияның» «садақ» қолжазба журналында (1913) жарық көрді. Тұңғыш баспа жүзін көрген шығармалары – «Қостанай уезі», Дамбар болысы» очеркі, «Көңіліме» атты өлеңі (1914); «Шұғаның белгісі» повесі «алғашқы нұсқасы, 1914), «Болған іс» әңгімесі (1915) «Айқап» журналында, «Қазақ» газетінде жарияланды. Осы кезеңнен бастап, поэзиялық туындыларымен қатар, прозалық шығармаларды да өндірте жазды. Мерзімді баспасөзге белсене қатысып, публицистикалық очерк, фельетон, т.б. жанрларға қалам тартты.

Қазақ поэзиясының поэма саласын дамытуға қосқан үлесі мол. Ол оннан астам поэма жазды. «Байдың қызы» (1917), «Рәзия қыз» (1919), «Қашқын келіншек» (1921), «Зайкүл» (1921), «маржан» (1923) поэмаларында қазақ әйелдерінің бас бостандығын жырлады.

Қазақ кеңес әдебиетінің проза саласын, әсіресе, көркем әңгіме жанрын өркендетуге көп еңбек сіңірген қаламгер. Оның бұл саладағы тұңғыш көлемді еңбегі – «Шұғаның белгісі» (1914) повесі. Майлин қаламынан туған прозалық шығармалардың көлемдісі – «Азамат Азаматыч» романы (бірінші кітабы). Бұл шығарма «Әдебиет майданы» (қазіргі «Жұлдыз») журналының 1930-1931 жж. Сандарында жарияланды да, 1934 жылы жеке кітап болып жарық көрді. Орыс тілінде «Дочь казаха» деген атпен 1936 жылы басылып шықты. Майлиннің 1931-1936 жж. Жазған «Қызыл Жалау», «Қоңсылар» (толық аяқталмаған) романдарының жеке үзінділері кезінде мерзімді баспасөзде жарияланды.

Қазақ драматургиясын дамытуда да Майлиннің қосқан өзіндік үлкен үлесі бар. Ол ірілі-уақты 25 пьеса, либретто, сценарийдің авторы. Оның тұңғыш драмалық шығармасы – «Шаншар молда» (алғашқы нұсқасы – «Жат сабақ») пьесасы 1916 жылы жазылып, ауыл сахнасында қойылды. 1936 жылы Майлин жазған (В. Иванов, Ғ. Мүсіреповпен бірге) «Аманкелді» сценарийі бойынша кинофильм түсірілді. «Жалбыр» либреттосы бойынша опера (музыкасы Е.Г. Брусиловскийдікі) қойылды (1935).

Жазушының туған жеріндегі совхоз, кейбір мектеп, облыстық драма театры, бірқатар қаладағы көше Б. Майлиннің есімімен аталады. Қазақстан Жазушылар одағының Б. Майлин атындағы әдеби сыйлығы бар.

Шығармалары: Толық жинағы. 1-4 том. Қызылорда. А., 1933-1936; Таңдамалы шығармасы. А., 1958; Берен. Повестер (орыс тілінде). А., 1964; Қызықл жалау. Роман, повесть, әңгіме, фельетон. А., «Жазушы», 1979; Таңдамалы. А., «Жазушы», 1977; Рыжая полосатая шуба. Повестер мен әңгімелер (орыс тілінде). А., «Жазушы», 1984; Ел сыры. Мақалалар, пьеса. А., «Жазушы», 1994.



Мәуленов Сырбай (1922-1993)

Қазақ әдебиетінің классигі, ақын, Қазақстан халық жазушысы Сырбай Мәуленов 1922 жылдың қыркүйек айының 19 жұлдызында жангелді ауданында дүниеге келген. 1990 жылы Қазақстан халық жазушысы атағын алған. 1937 жылы Жамбыл педагогикалық училищесін, 1938-40 жылдары Қызылорда педагогикалық институтында оқыған. 1973 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының тіл және әдебиет факультетін бітірген. Еңбек жолын 1940 жылы мұғалімдіктен бастап, 1941-42 жылдары Қостанай облысындағы радиокомитетінде редактор болып істеді. 1942-43м жылдары екінші дүгіе жүзілік соғыс майдандарында неміс басқыншыларымен шайқасты. 1943 жылы

Синявино маңында ауыр жарақат алып елге оралғаннан кейін Қостанай облысындағы «Большевиктік жол» газетінде бөлім меңгерушісі, редактордың орынебасары болып істеді. 1950-51 жылдары Қазақстан Жазушылар одағының Қостанайдағы өкілі болды. Бұдан кейін қызметін Алматыға ауыстырып, Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы поэзия редакциясының орынбасары (1955-57), «Жұлдыз» журналының бас редакторы (1964-71) қызметтерін атқарды. 1971-77 жылдары «қазақ әдебиеті» газетінің редакторы болды. Мектепте оқып жүрген кезінде-ақ өлеңге құмарлығын танытқан жас шәкірт жыр-дастандар жаттап, үй-іші, көрші көлемдерге оқып беріп, ауыл адамдарының алғысын алған. Ата-анасы тіршілік қамымен 1932 жылы Қызылордаға көшіп келгеннен соң жасөспірімнің біржолата өлеңге ықыласы ауып, алғашқы шумақтары дәптер жолдарына түсіп, Қызылорда педагогикалық институтының қабырға газетінде көріне бастады. Сырбай Мәуленовтың алғашқы өлеңдері 1937 жылы Жамбыл облысында «Колхозшы», Сырдария ауданының газеттерінде жарияланған. Осыған қарамастан ақын кейін өз шығармашылығының қайнар көзі жайлы: «Бірақ мен жорық жолдарында, майдан үстінде ақындық дүниесінің есігін аштым деп есептеймін» деп жазды. Шынында да әскери өмір мен майдандағы қанды шайқастар, кісінің жүрегін сыздатып, жан түршіктіретін сұрапыл қайғылы көріністер Сырбайдың ақындық сезіміне ерекше әсер етіп, көңілін толқытып, жан-дүниесінде айрықша арпалыс туғызғаны оның соғыс тақырыбындағы өлеңдерінде айқын көрініс тапқан. Ол соғыстың қас өағым сәтін бір деммен оқитын, көлемі қысқа өлеңдерін табиғи қаз-қалпында қағазға түсіре білген. Ақынның соғыс аяқталған соң 15 жылдан кейін жазған «Соғыстан қайтқан солдаттар», «Құлын» «Түбірлер», «Нева жақтан жел еседі», «Қазақлы хат» т.б. өлеңдері қырғын шайқастың сұрапыл шындығын көз алдына әкеледі. 1948 жылы тұңғыш «Өлеңдер» жинағын баспадан шығарған ақын, 1949 жылы майдан өлеңдерінен құрастырған «даладағы дабыл» кітабын оқырманға ұсынды. Кейінгі жылдары сырбай Мәуленовтың «Ақшамның қызыл кітабы» (1994), «Өлеңім - өмірім менің» (1997), «Алыс кетіп барамын» (2003), «Өлеңдер, поэмалар, балладалар» (2010) кітаптары жарық көрді. Сырбай Мәуленовтың «Апрель жаңбыры», «Қызыл арша» жыр жинақтары үшін Қазақ КСР-ның Абай атындағы мемлекеттік сыйлығын алды (1970). Ақын Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордандерімен марапатталған. Алматы, Астана, Қостанай, Арқалық қаласында бір-бір көшеге, еліміздің көптеген мектептеріне Сырбай Мәуленовтың аты берілген, Торғай көшесінде ақынның мемориалдық мұражайы жұмыс істейді.





Мұқатов Нағашыбай

1949 жылы 15 наурызда Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Торғай ауылында туған. 1970 жылы қазіргі Әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ-дың журналистика факультетін бітіріп, Жангелдин аудандық газетінде әдеби қызметкер, Торғай, Қостанай облыстық радиоларында редактор, Қазақ радиосының Торғай облысындағы меншікті тілшісі, Қостанай теледидарының бас редакторы қызметтерін атқарған.

Өлеңді мектеп қабырғасында жазған. Аудандық, облыстық ақындар айтыстарына қатысып, бірнеше мәрте жеңімпаз болған. 1972 жылы Шымкент қаласында өткізілген тұңғыш жас ақындар фестиваліне қатысқан. Әр жылдары жарық көрген «Сөйле, жүрек», «Айналайын адамдар», «Ақбұлақ» өлеңдер, «Жанымның жасыл жапырақтары» атты лирикалық, «Күлкім келеді» сатиралық кітаптарының авторы.

Мырзабеков Кеңшілік.



Ақын, аудармашы 1946 жылдың маусым айының 6 жұлдызында жангелдин ауданы, Ақшығанақ ауылында дүниеге келген. 1976 жылы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірген. Мектеп қабырғасында жүргенде-ақ жап-жақсы өлеңдерімен танылып қалған жас ақынды Қостанай облысындағы «коммунизм таңы» (қазіргі «Қостанай таңы») газеті жұмысқа қабылдады да, 1964 жылдан газет-журналдардың беттерінде өлеңдері жиі жариялана бастады. Кеңшілік Мырзабеков 1967 жылы республикалық жастар газеті «Лениншіл жасқа» жұмысқа шақырылып, одан әрі «Жетісу», «Социалистік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» газеттері мен «Мәдениет және тұрмыс» журналының редакцияларында қызмет атқарды. Ақынның «Іңкәр дүние» деп атаған алғашқы өлеңдер жинағы 1972 ж. баспадан шықты. Бұдан кейін «Дүбірлі дәурен» (1967), «Замандасқа сыр» (1982), «Ауыл мен астана» (1984), «Қасиетті қасқағым» (1985) жыр жинақтары жарық көрді. Ақынның бұл жинақтарына енген өлеңдерінде туған жерге деген перзенттік сүйіспеншілік, өршіл мақтаныш сезімі, жасқа тән пәк махаббат, адам тіршілігінің қатпар-қалтарыстары барынша

шебер өрнектелген. Мырзабек Кеңшілікөв тарихи даму жолы өте бай да қызғылықты Торғай өңірінің өткені мен бүгінгі адамдарының мақсат-мүдделерін ұштастыра суреттеп көлемді поэмалар мен балладалар да жазды. «Көктем көкжиегі» (1978), «Сәруар» (1980), «Өлеңдер мен балладалар» (1981), «Балалық шақ балладалары» (1986) сыршыл ақын шығармаларының нәзік лирик. Ерекшеліктерін айқын танытқан, зерттеушілер тарапынан жоғары бағаланған туындылары болды. Ақынның бірқатар өлеңдері орыс тіліне аударылып, «Юность» журналы мен «Поэзия» альмаханында жарық көрді. Кеңшілік Мырзабеков аударма саласында да жемісті еңбек етіп, Ресей ақыны Е. Евтушенконың «Менің шешем және нейтрон бомбасы», «Фуку» поэмаларын, 1989 жылы «Бейбітшілік дастандары» кітабын қазақ тіліне сәтті тәржімалады. Ақын өмірден озған соң «Іңкәр дүние» деген атпен таңдамалы өлеңдер жинағы (1990), «Бір мысқал» (1996), «Жолға салдым көшімді» таңдамалы шығармалары (2002), «Менің мұным – махаббат» (2003) жыр жинақтары оқырман қолына тиді. Кеңшілік Мырзабековтың мәйіті өз өсиеті бойынша Торғай кентінің іргесіндегі зиратқа жерленген.



**Омаров Ілияс
(1912-1970)**

1 қазанда Қостанай облысының Урицкий ауданында дүниеге келді. 1933 жылы Ташкенттегі Орта Азия жоспарлау-экономика институтын бітірді. 1933-1936 жж. Қызылорда сауда техникумының директоры болып қызмет істейді. 1936-1941 жылдары КСРО Жеңіл Өнеркәсіп Халық комиссариатының Қазақстандағы былғары аяқкиім өнеркәсібі бас басқармасы кеңесінің меңгерушісі, Қазақ КСР Халық комиссариатының сауда жөніндегі бас басқармасы бастығының орынбасары, Қазақстан мемлекеттік бақылау халық комиссариатының аға бақылаушысы міндеттерін атқарды. 1941 – 1945 жж. Қазақ КСР Халық Комиссарының орынбасары, Қазақ КСР Сауда Халық Комиссары болып істейді. 1945-1947 жж. Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары, Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің хатшысы, 1947-1952 жж. Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің хатшысы міндеттерін атқарады. 1952-1955 жж. КОКП Орталық Комитеті жанындағы Жоғары партия мектебінің тыңдаушысы, 1955-1961 жж. Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің хатшысы, «Қазақфильм» киностудиясының директоры, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің кеңесшісі, 1961-1967 жж. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің

кеңесшісі, 1961-1967 жж. Қазақ КСР Министрлер Кеңесі Мемлекеттік Жоспарлау Комитетінің төрағасы.

Қазақ әдебиеті мен көркем өнерінің тарихы, жай-күйі жөніндегі көптеген публицистикалық, әдеби-сын еңбектерінің авторы. «Қазақ КСР тарихының» толықтырылған екінші басылымның (1949) жалпы редакциясын басқарды.

Ленин орденімен, үш рет Еңбек Қызыл Ту орденімен, «Құрмет Белгісі» орденімен және медальдарымен марапатталған.

Шығармалары: Әдебиет туралы ойлар. Сын мақалалар. А., «Жазушы», 1967; Серпін. Сын мақалалар. А., «Жазушы», 1970; Шабыт шалқары. Сын мақалалар. А., «жазушы», 1973.



Оспанов Серікбай

1945 жылы 1 сәуірде Торғай (Қазіргі Қостанай) облысындағы Жанкелдин ауданының «Шиелі» кеңшарында, «Балдай» қонысында туған. 1968 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. 1968-1978 жж. Қазақ радиосында, республикалық «Жалын» баспасында бөлім меңгерушісі болып қызмет істеді. Қазір А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде ұстаздық етеді. Алғашқы топтама өлеңі 1969 жылы «Жас керуен» атты ұжымдық жинаққа енген. Бірнеше жыр жинақтарының, аударма өлеңдерінің, балаларға арналған тақырыптардың авторы.

«Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

Шығармалары: Жүрек лүпілі. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1971; Жарқын жастық. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1975; Қайнар бұлақ. Өлеңдер. А., «жазушы», 1977; Қоңырау гүл. Өлеңдер. А., «жазушы», 1979; Айгүл. Өлеңдер. А., «жалын», 1981; Алтын арқау. Өлеңдер. А., «жазушы», 1984; Тіршілік тамыры. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1985.



Сәрсекеев Қоғабай (1939-)

1939 жылдың 1 сәуірінде Қостанай облысының Жанкелдин ауданы, Торғай ауылында туған. Ы. Алтынсарин мектебінің түлегі. 1963 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген соң, республикалық «Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Кітап жаршысы» - «Друг читателя» газеттерінде әдеби қызметкер, бөлім

меңгерушісі, жауапты хатшы, бас редактор, «Жалын» баспасының бас редакторы, республикалық «Қазақкітап» бірлестігінің бас редакторы, республикалық Кітап таратушылар қауымдастығының президенті қызметтерін атқарған. Қазір «Сақ» акционерлік қоғамының президенті.

Алғашқы әңгімелері 1950 жылдардың ортасынан бастап шыға бастады. «Кілт», «Қараша қаздар» деп аталатын әңгіме-повестер жинағы жетпісінші жылдардың басында жарық көрді. Халық батыры А. Иманов туралы романының алғашқы бөлігі 1979 жылы, жалғасы саналатын «Заманақыр» кітабы 1990 жылы «Жазушы» баспасынан, орыс тілінде «Смута» деген атпен «Жалын» баспасынан жарық көрді. «1937 жыл» дейтін әңгімесі 1998 жылы қазақ, орыс ағылшын тілдерінде жеке кітап болып шықты. «Жол үстіндегі әңгіме», «Ұлы ұстаз немесе Алаштың Ахметі – Ахмет Байтұрсынов жайлы ой түйін», «Портреттер» деп аталатын әңгіме-эсселері мен екі томдық таңдамалы жинағы (1999) жарық көрді.

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері. Қостанай, Торғай қалаларының құрметті азаматы. Халықаралық ақпараттану академиясының, Халықаралық Еуразия академиясының академигі, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының және Б. Майлин атындағы әдеби сыйлықтың лауреаты, Францияның «SPI» алтын медалі мен халықаралық ақпараттану академиясы алтын медалінің иегері.



Тұрғынбеков Серік

1946 жылы 1 наурызда Торғай облысы, Жангелдин ауданы, Тосын құмында, Төлеген қыстауы деген жерде туған. 1964 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін, Торғай ауылындағы Жангелдин аудандық «Жаңа өмір» газетінің редакциясына қызметке орналасқан. 1967-1973 жж. Қазақ радиосында аға редактор, 1973-1978 жж. Республикалық «Лениншіл жас» газетінің Торғай, Қостанай облыстары бойынша меншікті тілшісі, 1978 жылы Халық творчествосы үйінде фольклор бөлімшесінің жетекшісі, 1980 жылы Қазақ телевизиясының әдеби-драмалық хабарлар Бас редакциясында редактор, 1981-1985 жж. Қазақ КСР Баспа, полиграфия, кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінде аға редактор, «Жұлдыз» журналында бөлім меңгерушісі болып істеді. Бұдан соң «Ақиқат» журналында, Мәдениет министрлігінің репертуарлық редакциялық алқасында, Ғ. Мүсірепов атындағы Балалар мен жастар театрында түрлі қызметтер атқарды.

Бірнеше жыр жинақтарының авторы. Сонымен бірге аудармамен де айналысады. Оның аудармасымен А. Твардовскийдің лирикалық өлеңдері «Перзент сыры» деген атпен (1984, «Жалын»), «Бауырлас жырлар» сериясы бойынша П. Богдановтың «Москва үшін шайқас» поэмасы (1985, «Жазушы») оқырмандар қолына тиді. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты.

Шығармалары: Қобыз. Өлеңдер. А., «жазушы», 1975; Көкейкесті. Өлеңдер. А., «Жалын», 1978; Торғай толғауы. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1981; Жүрегімнің сәулесі. Өлеңдер. А., «Жалын», 1983; Тыңда түлегендер. Очерктер. А., «Қайнао», 1983; Кеш келген көктем». Өлеңдер. А., «Жазушы», 1985; Жерорта. Өлеңдер. А., «Жалын», 1998.



**Хакімжанова Мәриям
(1906-1995)**

15 қарашада Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Қобланды селосында туған. Рабфакта оқыды (1931-1932). «Әйел теңдігі» журналында әдеби қызметкер (1929-1932). Орынбор облысы Дамбар ауданында кітапхана меңгерушісі (1939-1944), Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасында редактор, аға редактор (1945-59) болып істеді.

Тұңғыш өлеңі («Женотделге») 1929 жылы, алғашқы өлеңдер жинағы 1935 жылы жарияланды. 1945 жылы жеке кітап болып шыққан «Мәншүк» атты поэмасы 1947 жылы орыс тіліне аударылып, басылды, поэма бойынша жазылған телесценарийі 1963 жылы теледидар арқылы көрсетілді.

Балаларға арналған «Бөбегім менің - өлеңім менің» атты суретті кітапшаның, м «ана мейірімі» (1961) жинағының және бірнеше ән мәтінінің авторы. Қырғыз ақыны А. Тоқамбаевтың I томдық өлеңдер жинағын аударып бастырды (1960). Орыстың балалар жазушысы И. Диктің «Отты бұлақ» повесін аударған (1953). Өлеңдері орыс, өзбек, қарақалпақ, қырғыз, қытай, белорус, армиян, т.б. тілдерге аударылды.

Екі рет «Құрмет Белгісі», Еңбек Қызыл Ту орденімен, бірнеше медальдарымен марапатталған. 1986 жылы «Қазақстанның Халық жазушысы» атағы берілді.

Шығармалары: Женешем. Өлеңдер. А., ҚМКӘБ, 1935; Мәншүк. Поэма. А., ҚМКӘБ, 1945; Ана махаббаты. Өлеңдер. А., ҚМКӘБ, 1958; Ана көктемі. Өлеңдер. А., ҚМКӘБ, 1963; Намыс. Таңдамалы. А., «Жазушы», 1973; Өткелдер. Таңдамалы. А., «Жазушы», 1976; Перевалы. А., «Жазушы», 1981.



Шаяхметов Ақылбек

1951 жылы Қостанай облысының Жетіқара ауданында туған. Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін, Мәскеу қаласындағы Әдебиет институтын бітірген. Алматы облыстық «Қостанай таңы» газеттерінде, облыстық телекомпанияда жұмыс істеді. «Қазақ тілі» қоғамы облыстық ұйымы басқармасының төрағасы, Қазақстан Жазушылар одағының Қостанай және Торғай облыстары бойынша әдеби кеңесшісі, облыстық тіл басқармасы бастығының орынбасары, ұлт саясаты жөніндегі облыстық мәдениет басқармасы бастығының орынбасары болып қызмет атқарды. «Азия-Транзит» (Қарағанды), «Сарыарқа» (Астана), «Жас қазақ» журналдарының ақылдастар алқасының мүшесі.

Қазақ және орыс тілдерінде поэзиялық және прозалық он жеті кітабы шыққан. Шығармалары шетел тілдеріне аударылған. Балаларға арналған «Күлімдеді күніміз», «Гүл мен бидай», «біздің бақша», «Шынар», «аяз және Қыдыр» атты кітаптары жарық көрген.

Пайдаланған әдебиеттер.

1. «Қазақстан жазушылары: XX ғасыр». Анықтамалық. – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС. 2004 – 392 бет.
2. Торғай Елі. Энциклопедия / Құраст. Т.Рсаев. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2013. – 456 бет.
3. Жақып, Ә. Торғай тарландары: өмірбаяндық энциклопедия. – Астана: «ПАРЫЗ» қоғамдық қоры, 2009, 1-том. – 176 бет.

Мазмұны

1. Абдуллин Әмірхан.....	3
2. Алтынсарин Ыбырай.....	3-4
3. Ахметбеков Нұрқан.....	5
4. Әбдіков Төлен.....	5
5. Әбілтай Әбжан.....	6
6. Әлім Қайсар.....	16-17
7. Байтұрсынов Ахмет.....	6-8
8. Баязид Жолбарыс.....	13
9. Бектемісов Назарбек.....	9
10. Досанов Сабит.....	10
11. Дулатұлы Міржақып.....	10-12
12. Дүзенов Мұхамбетжан.....	12
13. Жармағнбетов Қайнекей.....	13
14. Жүнісұлы Жақсылық.....	14
15. Кенжеахметов Сейіт.....	14-15
16. Көбеев Спандияр.....	15
17. Қалиев Айбек.....	17-18
18. Қайырбеков Ғафу.....	16
19. Майлин Бейімбет.....	18-19
20. Мәуленов Сырбай.....	19-20
21. Мұқатов Нағашыбай.....	21
22. Мырзабеков Кеңшілік.....	21-22
23. Омаров Ілияс.....	22-23
24. Оспанов Серікбай.....	23
25. Сәрсекеев Қоғабай.....	23-24
26. Тұрғынбеков Серік.....	24-25
27. Хакімжанова Мәриям.....	25
28. Шаяхметов Ақылбек.....	26

***Біздің кітапхананың мекен-жайы:
110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы
Абай көшесі, 62. Тел. (факс) 7-09-16.
E – mail:arkounb@mail.ru***

***Құрастырушы: А.К.Ахметжанова
Компьютерлік терілім: А.К.Ахметжанова
Шығарылымға жауапты: А.Ж. Нұрманова
Басуға қол қойылды 03.03.2016.
Таралым 5
Басылым: ксерокс
Көлем 0,5***